



2018 жылдың 24 сәуірінде 11 сағат 55 минутта «101» телефон нөміріне Абай даңғылы №41 тұрғын үйдің 2-кабатында пәтер жанып жатқаны және пәтер ішінде адам болуы мүмкін деп хабар түсті.

12 сағат 00 минутта шақырылған жерге Қызылорда облысы ТЖД Орт сондіру қызметінің №2 мамандандырылған орт сондіру бөлімінен жауынгерлік есеп 2 техникасымен жетті.

Орт барлау барысында тұрғын үйдің 2-кабаттағы терезесінен түтін шығып жатқандығын анықталды. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, пәтер ішінде адам қалған. Газ-түтіннен қорғау буыны 2-кабаттағы пәтерге шабуыл сатысымен балкон арқылы кіріп, №28 пәтер ішінде ес-түссіз еденде жатқан азаматшаны тапты. Дер кезінде пәтердің балконынан орт сондіру автосаты арқылы орт сондірушілер азаматшаны Апаттар медицинасы орталығының қызметкерлеріне тапсырды, олар алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіп, Облыстық медициналық орталығына арқа және жамбас бөлігі II, III дәрежелі күйік алған

күйде жеткізді.

№2 МОСБ ауысым жетекшісі, азаматтық қорғау лейтенанты Б.Романкулов, болімше командирі, азаматтық қорғау старшинасы Е.Пазлиев, аға өрт сондіруші-күтқарушы, азаматтық қорғау кіші сержанты Б.Баймаханнның жедел іс-әрекет арқасында өрт оқиға орнынан 1975 жылы туылған азаматша М.А. күтқарылды, өмірі сақталды.

12 сағат 16 минутта көлемі 1 шаршы метр өрт толығымен сондірілді. Өрттің себебі анықталуда.

Өртті сондіруге ТЖД Өрт сондіру қызметінің жеке құрамынан 18 адам мен 4 техникасы, Өнтүстік өнірлік аэроүтқыр жедел күтқару жасағы (*1 техникасымен 5 қызметкер*), Апаттар медицинасы орталығы Қызылорда филиалы (*1 техникасымен 4 қызметкер*), ІІД (*3 техникасымен 10 қызметкер*) қатысты.

Айгүл Нұрманова,

Қызылорда облысы ТЖД

Мемлекеттік тіл және ақпарат

тобының бас маманы